

Психоаналитикалық және әлеуметтік мәдени теория аясындағы адамның өзін-өзі жетілдіру мәселесі

Гульжан Ж. Серікбай^{1*}, Әсет А. Құранбек²

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Корреспонденция үшін автор:

¹serykbayevagulzhan@gmail.com

²kuranbek.aset@kaznu.kz

¹<https://orcid.org/0000-0003-2669-4808>

²<https://orcid.org/0000-0002-3801-0752>

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-143-2-234-247>

Аңдатпа. Мақалада психоаналитикалық және әлеуметтік мәдени теория аясында адамның өзін-өзі жетілдіру мәселесіне жан-жақты талдау берілген. XX ғасырдағы қоғамдық өмірдің қарама-қайшы динамикасы адамның өзін-өзі жетілдіруі, жеке даму стратегиялары, тұлға белсенділігі мәселесін алға тартты. Адам үшін өзінің даралығы мен оған апаратын кемелдік жолын айқындау аса маңызды уәзіп. Авторлардың пікірінше дәл осындай тәсілдер психоаналитикалық және әлеуметтік мәдени стратегияларда қамтылған. Әлеуметтік мәдени теория аясындағы тұлға дамуын айқындау үшін мәдени мұралар, коммуникатив рационалдылық, еркіндік, жауапкершілік ұғымдарына терең талдау жасалған. Адамның өзін-өзі жетілдіру мәселесі негізінде әлеуметтік-мәдени коммуникацияның маңыздылығы зерделенген.

Қазақ халқының әлеуметтік өмір салты адамгершілік қасиеттерге және тұлғалық құндылықтық, әлеуметтік-психологиялық, этникалық ұстанымдарға қатал талап қойды. Ал жыраулар поэзиясының ерекшелігі – бұл әлеуметтік ортаға тікелей бағыты, олардың жыр-толғаулары белгілі бір міндетті, мақсатты көздеумен айқындалады. Тұлғаның кісілік, ар-намыс секілді қасиеттерін жоғары қойып, әлеуметті соған лайықты тәжірибелеу арқылы кісілік қалыбын жетілдіруге бағытталды. Олар өз шығармаларын дидактикалық сипаттағы философиялық толғаулар түрінде қалыптастырып, заман жайлы ой-тұжырымдарын, мораль хақынадағы ой-түйіндерін баяндады. Қоғамдық, әлеуметтік мәселелерді көтеріп, тіршілікте болып жатқан өзгерістер мен оқиғаларға оның мән-мағынасы туралы түсініктерін білдіріп отырды. Мақалада өзін-өзі жетілдіру стратегияларын қалыптастырудағы жыраулар шығармашылығындағы философиялық-антропологиялық, әлеуметтік ой-тұжырымдардың маңыздылығы тұжырымдалған. Жыраулар поэзиясындағы философиялық-антропологиялық пайымдаулар зерделенген.

Түйін сөздер: Адам; қоғам; мәдениет; тұлға; өзін-өзі жетілдіру; мәдени мұра; коммуникация; еркіндік; жырау.

Received 14.01.2023. Revised 29.01.2023. Accepted 17.03.2023. Available online 30.06.2023.

For citation:

Serikbay G.Zh., Kuranbek A.A. The problem of human self-improvement within the framework of psychoanalytic and socio-cultural theory // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2023. – Vol. 143. – № 2. – P. 234-247. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-143-2-234-247>.

Для цитирования:

Серікбай Г.Ж., Құранбек А.Ә. Проблема самосовершенствования человека в рамках психоаналитической и социокультурной теории // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2023. – Т. 143. – № 2. – С. 234-247. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-143-2-234-247>.

Кіріспе

Адамның әлеуметтік қоғамы туралы тұжырымдары қоғамдық-мәдени, саяси ілімдер тарихының тереңінен бастау алатын өзекті мәселелер. Сондықтан да әлеуметтік мәдениет қоршаған ортаны, қоғамды жетілдіру салтын орнықтырумен қатар өмір сүрудің өзегі, шығармашылық факторы ретінде қоғамдық жаңа өзгерістердің қайнар көзі ретінде түсіндіріледі. Әлеуметтік мәдени орта адамның ішкі әлеуетін жүзеге асыруы арқылы өзінің бойындағы ерекшелікті көрсетуімен қоғамның тарихи процесстеріне және адамның жетілу процессіне ықпал ете алады.

Мәдени мұралар тек әлеуметтік сана-сезімдік ерекшеліктерді ғана көрсететін құрал емес, сонымен қатар ұлттың саяси, экономикалық өркендеп дамуына да көмектестін құрал. Мәдени мұралар әлеуметтік тіршілікте басты рөл атқарады. Еуропада Дж. Вико, И.Г. Гердер, Ш. Монтескье сынды ойшылдардың еңбектері мәдениет мұраларына байланысты өмір сүру тәсілдерін басқа да елдердің мәдени құндылықтарымен салыстырудың шиеленісі туралы пікір-таластардың тууына ықпал еткендігі туралы айтып кетті.

Мәдениет мұралары қоғамдық-экономикалық формация және әлеуметтік психоаналитикалық категориялармен тоғысын қалыптастырды. ХХ ғасырда философиялық ғылыми бейнелеуде мәдени мұралардың қайталанбас руханилығы күнделікті қарапайымдылықтың ерекшелігі туралы сипаттамалар көрініс таба бастады. Осыған байланысты Ж.П. Сартрдың: «Қоғамдық өмір деңгейіндегі мәдениет ешкімді және ештеңені құтқармайды. Бірақ ол адам баласының іс-әрекетінің, ақыл-ойының нәтижесі, мәдениетте адам баласы өзін танып білудің шарты болғаны туралы тұжырым жасайды (Резник, 2000: 14). Мәдениет мұраларының әлеуметтік білім негізіндегі теориялық анықтамаларын Ю.М. Резник былайша бөліп көрсетеді:

«Бірінші, әлеуметтік-философиялық сараптама бойынша жасалынған теориялық анықтамада барлық уақыт кезеңдерінде ғалым философтар мәдениет мұраларының мән-мағынасын, мақсат-мүддесін анықтауға

тырысты. Мәдениет мұралары адамзат баласының табиғаты шексіз, үздіксіз өзін-өзі жетілдірудегі интеллектуалды және материалды, рухани құралдарын қамтамасыз ету құралы деді. «Демек, мәдениет мұраларының философиялық мәні – оны пайдалана отырып, әлеуметтік өмірдің байланысы мен заңдылықтары тұрғысынан анықтау деп тұжырымдай отырып, ал антропологиялық анықтамасы бойынша – белгілі бір әлеуметтік ортаның мүшелері мұра етіп алған білімі мен сенімі негізіндегі сол мәдени мұраларды күнделікті өмірде пайдалануы», – дейді. Демек кез келген қоғамның немесе ұлттың мәдени мұрасын сол халықтың күнделікті өмір сүруіндегі психикалық мінез-құлықтары арқылы танып білуге болады деп тұжырымдауымызға болады.

Антропологиялық сараптама анықтамасы бойынша белгілі мәдени мұралар контекстінде ұлттың біртұтас бірегейлік танымын зерттеу арқылы танып түстеуге болатынын көрсетеді.

Шетел ғалымдарының зерттеу нәтижелері көрсеткендей мәдени мұраларды антропологиялық танып-түсінудің басты сипаттамасы – мәдениет мұраларының материалдық қызметі – органикалық және туындаушы жасанды қажеттіліктерін қанағаттандыратын қызметтер жүйесі. Органикалық қажеттіліктер негізіндегі императив қажеттіліктер деп – экономикалық-материалды өнімдер, рухани идеялар мен құндылықтар және әлеуметтік әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлердің қалыптасуын айтамыз. Адамның рухани жетілуі мәдениеттің өркендеуі мен дамуына, жаңа қажеттіліктердің үздіксіз жалғасып отыруымен байланысты.

Мәдени мұраның кез келген түрі адамдардың әлеуметтік мінез-құлықтарының ерекше үлгісі. Белгілі ғалым Б. Малиновский: «Мәдениет адам мінез-құлқының кең контексті ретінде психолог үшін де, әлеуметтанушы үшін де маңызды», – дейді (Малиновский, 1983: 117).

Мәдени мұралар әлеуметтік маңызы бар қоғамдық өмір салтты қалыптастыратын әрі тасымалдайтын механизм. Басқаша айтқанда мәдени мұралар қоғамның өмір

сүрулік және әлеуметтік маңызы бар ерекше құндылықтары болып саналады.

Енді әлеуметтік сараптама анықтамасына көңіл аударар болсақ, онда қоғамға қатысты түсінік қарастырылады. Яғни қоғамға тән идеялар, құндылықтар, әдет-ғұрыптар, мінез көрсеткіштері т.б. Мәдениет мұраларының әлеуметтік құрылымдығына сай қызметтері: әлеуметтік ақпараттарды сақтау; коммуникатив тіршілік үлгісін сақтау; әлеуметтік өмір сүрулік тәжірибелерді тасымалдау қызметі. Яғни, мәдениет – адамдарды әлеуметтендіру тәсілі ретінде маңызды. Ал әлеуметтену дегеніміз жеке тұлғаның, ортаның мәдени ереже-қағидалары және әлеуметтік ортаны игеру процессі. Адамзат баласы күнделікті өмір сүру тәжірибесінде қоғамдық өмірдің сан түрлі саласынан тәжірибелік мәдени және әлеуметтік адекватты жеке тұлғаға айналу процессінен өтеді. Кез келген халықтың мәдени тіршілігінің өзегі – дәстүр, идеялар арқылы берілетін құндылықтар. Американ мәдениеттанушысы К. Клакхон: «Мәдени мұралар бір жағынан шығармашылық іс-әрекеттердің нәтижесі десе, екінші жағынан, болашаққа бағдар беретін құндылықтар жүйесі» – дейді (Клакхон, 1998: 181). Әлеуметтенудегі мәдениет теориясына қатысты көптеген зерттеуші ғалымдар барлық теориялық ой-тұжырымдамаларды жинақтай келе, оның әлеуметтенуге қатысты алты үлгісін қарастырады:

– Мәдениет – адамзат баласының сенім-нанымдарының, әдет-ғұрыптарының барлық түрлерінің жиынтығы.

– Тарихи анықтамалар – қоғамның әлеуметтік мұраларымен байланыстырылған.

– Нормативті яғни мінез-құлық қалыптастырушылық, өмір-салт құндылықтары.

– Психологиялық – қоршаған ортаға бейімделу, мәдени қалыптасу нәтижесіндегі мінез-құлық нормасы.

– Құрылымдық – яғни мәдениет өзара байланысқан феномендер жүйесі ретінде.

– Генетикалық – мәдениеттің шығу тегі тұрғысынан қарастырылады.

Әлеуметтенудегі адамзат баласы өзінің басты мақсаты – ол мәдениет ұстанымдары

мен үлгілеріне сүйене отырып, өзінің ішкі потенциалын айқындаумен өмір сүрудің тұғырлы мәнділігін қамтамасыз ету.

Адамның өзін-өзі жетілдіру мақсатындағы коммуникатив мәселелердің де орны ерекше. Соның ішінде қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік құрылымындағы жаңғыру негізіндегі коммуникация мәселесі құндылығын артыру алдыға қойылды. Қоғам құрылымы сан-алуан күрделі екені белгілі, осыған сәйкес әлеуметтік құрылымдарда сан-алуандығымен өзара ортақ түсіністікке әкелетін коммуникация үлгісі де бүгінгі таңда зерттеу аясында өзекті мәселеге айналууда. Себебі қоғамдағы коммуникация үлгісінің ғылымдар жүйесіндегі қажеттілігі арта түсуде. Заман талабына сай ғылым мен техниканың дамуы, әлеуметтік өмірдегі адамдардың құндылықтар жүйесінің өзгеруі сияқты мәселелер өмірдегі жаңа қарым-қатынас жүйесінің қалыптасуына әкеліп отыр.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақалада психоаналитикалық және әлеуметтік мәдени теориясы аясында адамның өзін-өзі жетілдіру мәселесіне терең талдау жасалған. Тақырыпты зерттеуде тарихи-философиялық талдау, пәнаралық синтез, герменевтикалық талдау әдістері қолданылды. Жүйелеу және сыни ойлау әдістерін негізге ала отырып әлеуметтік мәдениет және психоанализ теориясы контекстіндегі тұлға даму мәселесіне теориялық және әдіснамалық талдау жүргізілген. Жыраулар шығармашылығына тарихи-философиялық талдау жасай отырып, тұлға, адамның өзін-өзі жетілдіру мәселесіне қатысты нақты тұжырымдар ұсынылған. Жыраулар поэзиясындағы философиялық-антропологиялық пайымдауларды айшықтау үшін герменевтикалық әдіс қолданылды.

Талқылау

XXI ғасыр – ақпараттық-технологиялық ғасыр. Осындай қоғамдық өзгерістерге байланысты адамның ақпаратты қабылдау, өңдеу, тарату мүмкіндіктері технологиялық

жетістіктердің артуымен байланыстылығын көрсетеді. Мұндай жағдай өз кезінде әлеуметтік үрдістерді бірқатар мазмұндық жағынан өзгерістерге ұшыратып, коммуникациялық технологиялар мәселесін алға қояды.

Қарым-қатынас үрдісі қоғамдық өмірде маңызды екені белгілі. Соңғы жылдары жүргізілген зерттеу еңбектерінде қоғамда орын алған үрдістер әлеуметтік эволюция мен әлеуметтік жүйені құратын коммуникация қызметі арасындағы байланысты неміс әлеуметтанушысы, Франкфурт мектебінің көрнекті өкілі, философ Ю. Хабермас еңбектерінен көруге болады. Майндағы Франкфурт университетінің профессоры, өзінің әлеуметтік зерттеулерін жазуда өз уақытындағы ғалымдардың еңбегі мен тәжірибесіне сараптама жасай отырып, әлеуметтік философия, оның ішінде адамның қоғамдық өміріндегі коммуникация теориясы мен құқығына қатысты өз зерттеу еңбектерін жазған. Мысалы, «Қоғамның құрылымдық өзгерісі», «Қоғам теориясы немесе әлеуметтік технологиялар», «Моральдық сана және коммуникатив іс-әрекет» т.б. еңбектердің авторы.

Ю. Хабермас қоғамдық өндіріс негізінде табиғатты игеретін және әлеуметтену арқылы ішкі құрылымдарды құратын әлеуметтік-мәдени жүйенің адамзат баласы үшін маңыздылығын көрсетеді. Әлеуметтік-мәдени жүйенің коммуникатив жүйемен байланысы тығыз екенін және екі әмбебап фактор қоғам ерекшелігі мен даму деңгейін анықтайтыны туралы тұжырым жасайды. Әлеуметтік қызмет бағдарлары коммуникатив сипатта болатыны белгілі. Демек, қоғамдық өмірдегі коммуникацияға түскен субъектілер қалыптасқан қоғамдық нормалар негізінде өмір сүреді. Бұл үрдісті Ю. Хабермас «коммуникативті рационалдылық» және «коммуникатив қызмет» терминдері арқылы айқындауға тырысады. Ю. Хабермас зерттеулерін өз уақытындағы кезеңмен байланыстырады. Ол осы уақытқа дейін қалыптасып келген батыстық рационализмнің талассыз болудан қалғандығын көрсете отырып, оған дәлел ретінде Батыста орын алып жатқан

қарым-қатынасқа қатысты дағдарыстар жайында ашып айтады (Фарман, 1999: 42). «Дағдарыс жағдайынан шығатын рационалдылыққа қатысты модернизация қоғам үшін қандай жағдайды рационалды бола алады» деген сұрақтарды алға тарта отырып, ғалым оны мәдени-әлеуметтік рационалдылық тұрғысынан қарастырғанда, онда модернизацияның қоғамдық әлеуметтік-мәдениет салдары рационалдылықтан көп алшақ екені туралы көрсетеді.

Коммуникатив рационалдылық қоғам қалыптастырған нормалар мен құндылықтар, осыған сәйкес өмір сүру, яғни әлеуметтік ортаға бейімделу болып табылады. Өмір сүру кезеңіндегі қоғамдық қатынастар ең алды адамның қалыптасқан нормалар мен құндылықтарға қатысты санасында психологиялық ой түзуді орнықтырады. Себебі сана сезілген болмыс ретінде орнығуы негізінде қоғамдық қатынастар жүйесіне енеді.

Сана қоғамдық нормаларды игеру арқылы қоғамдық мінезді ғана қалыптастырумен бірге адам тағдырын шешеді. Әлеуметтену жағдайында сана адамның білімінде, іскерлігінде көрініс табады. Сана адам өмір сүруінің өзегі. Хабермасың тұжырымдағанындай адамдардың көпшілігінің өмір сүрулік құндылықтар туралы білім деңгейлерінің төмендігі, өмір мәні туралы білмеуі қоғамдағы түрлі деңгейлердегі қақтығыстардың болуына себеп болып жатқаны белгілі.

Қазақ философы Ғарифолла Есім «Жалған ғұмырда бақыттымын деу дана адамның сөзі емес. Себебі өмір өткінші, жалған» – дейді (Есім, 2002: 102). Шынайы өмірдегі құндылық – үйлесім, татулық. Қоғамдағы адамдардың өз арасындағы адамдармен үйлесімді, сыйластықта өмір сүруі – бұл құндылық. Түсінген адамға үйлесіммен, татулықпен, сыйластықпен өмір сүру әлеуметтенудегі жүйелі, түбегейлі құндылық. Сондықтан да адамдар үшін аса қажетті нәрселер әлеуметтену жағдайында адамдардың қандай жағдай болмасын, адами болмысының сақталуы деуге болады. Абай айтқандай: «өмірдің баянсызын біліп, тұрлаусызын көріп,

жалған дүниенің ішіп-жеу, бос сөз, дүние қуу, құмарлық, күндеу, мадаққа рахаттану деген сияқты пендешіліктің зеріктіретіс екенін біліп болғандығы табанының дүниені тануға деген ынтықтық, өмірдің шын мағынасын іздеу нағыз өмір мәні, мақсаты болмақ» – дейді. Ю. Хабермас бойынша коммуникатив рационалдылық өмір мәнін түсіну, пендешіліктен жоғары болу, келісім, адами қалыпты сақтау. Қоғамның өркендеуі – Абай сынды даналардың берген бағытына тәуелді.

Коммуникатив рационалдылық адамдарға үйлесімділік негізінде өз пікірімен қатар басқалардың пікірлері мен көзқарасын, ұстанымдық нормаларын құрметтей отырып, ұғынуға ынталы болуымен түсінушілікке алып барады. Түсінушілік ұстанымы сыйластыққа жетелейді. Осындай үрдіс негізінде коммуникатив рационалдылық адамдардың әлеуметтенуіне тұлғалық позиция өмір мәнін шынайы түсіну әрекеттерімен жүзеге асырылады. Коммуникатив рационалдылық адамдардың өз іс-әрекеттерін, мінез құлқы мен қызметтік әрекеттерін координациялау арқылы «ортақ мақсаттық» деңгейін анықтайды.

Коммуникатив рационалдылық әлеуметтену – құқық, саясат, ғылым, өнер секілді өмір салаларын қамтып, осы зерттеу аймақтарына қатысты жаңалықтарды талқылап, жаңа қоғамдық мәнге ие болуға тұратын, үміт артуға болатын жаңа нормалар мен құндылықтарды жүзеге асыруға талпынады. Демек коммуникатив рационалдылық әлеуметтік дамуды айқындайтын фактор ретінде маңыздылығын көрсетеді. Отандық ғылыми бағытта зерттеу жүргізген философ Ә. Нысанбаев өз еңбектерінде өткен ғасыр дүниесі, оның әлеуметтік тәжірибесі, бүгінгі күнгі заман талаптары – тек түсінушілікті ғана емес, дүниелік құбылыстарды игерген білімдерді меңгеріп қана қоймай, адамдар арасындағы мәдени-коммуникатив қарым-қатынасты қажет ететінін айтады. Яғни өмірдің барлық салаларын қамтитын, күрделі рефлективті дүниені шешудің қажеттілігі мәселесін қарастырады. Басқаша айтқанда «бүгінгі таңда адамдар этностарда, ұлттарда, мемлекеттерде,

халық пен билікте, модернизм мен дәстүрде, қоғамның дамуында, философия мен ғылымда, ғылым мен дінде, діннің өз ішінде диалог және оқушы және ұстаз арасындағы диалогты қалыптастыру қажеттілік» – дейді (Курманғалиева, 2011: 97). Дәл қазіргі жағдайда әлеуметтенуліктің басты мәселесі ретінде адаммен адамдардың мәдени сұхбаты өткір мәселеге айналған. Қарапайым қоғамдық өмірден басқа мәдени сұхбат мәселесі әлемдік түсінісудің проблемасы ретінде де аса маңызды. Батыс пен Шығыс бір-біріне қарама-қайшылығы бар екі дүниетаным. Себебі екеуінің өзіндік тарихи, мәдени-әлеуметтік, экономикалық даму жолдары әртүрлі. Батыс – ғылым мен техниканы дамытуға деген ұмтылысы ерекше, ал Шығыс – ішкі рухани тереңдікке ерекше мән береді. Ә. Нысанбаев айтқандай қоғамда адамдар бірін-бірі естуі және тыңдауы тиіс, ол үшін оларға диалог құруға мүмкіндік жасауы керек. Ашық диалогтың сезінген адамдарға еркіндіктің барлығын көрсетеді. Сондықтан қоғам мен адам, мәдениет арасындағы коммуникатив диалог орнату қажеттілігін айта отырып, «өзара» түсіністік философиясы негізінде қоғамдық өмірдің сан-мыңжылдыққа пара-пар мүмкіншілігін және әлеуметтік мәселелер мен міндеттерді шешуге бағытталған болашақ бағдарларын іске асыру мүмкіндігі барлығын айтуға болады.

Кез келген халық жан-жағын пайымдай зерттеу, тану арқылы міндеті мен іс-әрекетін жауапкершілікпен түсінетін адамды қалыптастыруға күші жетерлік.

Мәдени және психоаналитикалық тұрғыда, адамға ең қажетті қасиеттердің бірі – еркіндік, жауапкершілік. Ішкі жан-дүниесі мен сыртқы іс-әрекеті, мінез-құлығы бір-біріне сай тұлға қоғамның рухани өсіп-өркендеуіне тікелей ықпал етіп отырады. Қазіргі уақытта қазақ философиялық танымындағы ерекше орын алған ақын жыраулардың жан-жақтылық туралы философиялық-әлеуметтік ой-тұжырымдары ауадай қажет. Себебі заманауи Қазақстандық қоғам мәдени-рухани дамудың барлық салаларында, әсіресе адам капиталын құрайтын тұлғалықты қалыптастырудың жаңа кезеңіне бет бұруда. Жаңа Қазақстан деп

аталатын бұл кезең еліміздің әлеуметтік-саяси құрылымдарының өзгеріске түсуімен, адам қызметінің жаңа сипатын, әлеуметтік қатынастардың жаңа қалыптармен байланыстылығын көрсетеді. Ол адамның саналық көрсеткіштерімен анықталатын табиғи болмысы, әлеуметтік мәні бар қабілетті білімі мен біліктілігі жоғары тұлғалық қасиеті бар адам көрсеткішін айтады. Әлеуметтік өмірдегі тұлға қоғамда ізгілікті, сыйластықты, ынтымақтастықты және адамның жеке басын қадір тұтады. Жалпы алғанда адамзат баласының қадыр-қасиетін арттырып, руханилықтың үлгісін қалыптастырады. Қазақ даласында өмір-сүрген жыраулар мен билердің әлеуметтік ой-толғаныстары – жақсылық пен жамандықты, сыйластық пен достықты, адалдылықты, сабырлық пен төзімділікті жырлай отырып, рухани-мәдени құндылықтың ішкі сыры мен мән-мағнасына үңілдірді. Әлеуметтік ортадағы азаматтық тұлғалардың кісілік қалпын тереңінен толғай отырып, қоғамдық өмірдің ізгілік парадигмасының мәнін көрсете білді. Жыраулар дәуіріндегідей адам және тұлға мәселесі барлық заман философтарын толғандырып жатқан мәселе. Дегенмен бұл мәселе, әсіресе халық басына күн туған қиын-қыстау кезеңдерде анық көзге түсіп тұрды, яғни тұлғалық қасиеттер қоғамның дамыған немесе дағдарысқа ұшырап, тоқыраған уақыттарында шыңдалып отырды.

Әлеуметтік идеал, жан-жақты жетілген адам (тұлға) мәселесі әсіресе шығыс философиясында түп-тамыры терең, кең тараған философиялық ілім. Осы ілімдерге философиялық сараптама жасай отырып талдау, онымен көпшілікті таныстыру, тиімді жақтарын қазіргі заман талабына лайықты жақтарын қазіргі уақыттағы жетілген адамды (тұлғаны) тәрбиелеуге кеңінен пайдаланудың теориялық әрі тәжірибелік маңызы барлығын айтуға болады (Байтенова, 200: 4).

Нәтижелер

Қазақ халқының әлеуметтік өмір салты адамгершілік қасиеттерге және тұлғалық құндылықтық, әлеуметтік-психологиялық, этникалық ұстанымдарға

қатал талап қойды. Әлеуметтік-этикалық, психологиялық талаптар негізіндегі сабырлық, зеректілік, төзімділік секілді қасиеттерсіз далалық өмір жағдайында өмір сүру мүмкін емес еді. Әлеуметтік өмір салтындағы қатал талап бұлжымас мәдени-рухани құндылықтарға жүгіну арқылы дәстүрлі дүниелік көзқарас қатынастарын қалыптастырды. Қатал қалыптасқан әлеуметтік-этикалық жүйе жеке тұлғалар мен әлеуметтік топтардың идеологиялық, құқықтық реттеуші қызметін атқарумен қатар, өскелең ұрпағын тәрбиелеуде де, білім беруде де әлеуметтенулік үрдістің өзегі ретінде орнықты.

Әлеуметтік өмір салтындағы тұлғалық бейнесінің өзіндік ерекшелігі, тұлғаның қоғамдық өмірде өзін-өзі ұсынуы, мысалы Қазтуған жыраудың нақылға айналған поэзиясындағы ой-толғау:

Ортамнан ойран салар деп

Азамат ердің баласы

Жабыққанын білдірмес

Жамандар мазақ қылар деп (Мағауин, 2007: 4).

Дамыған қоғамда тұлғалық деңгейдегі кісіліктік құндылықтар ұлттық ділдің айқын көрінісі ретінде қоғамдық-әлеуметтік сананың этикалық үлгісінің имманентті қалпына айнауға тырысады. Кез келген адам рухани тәуелсіздік пен еркіндіктің иесі саналады. Адам баласына тән әлеуметтік өзара көмек, көпке ортақ әдет-ғұрып, қағидаларына бағынып, өзінің рухани бірегейлігінің императивті жүйесіне жүгінуі тиіс. Қалыптасқан қоғамдық құндылықтық дәстүрлер мен өмір салттары тұлғаның өзіндік дамуына, әмбебап мәнді пайымдауы мен реттеуіне ықпал етеді. Сонымен қатар тұлғалық деңгейдегі адамдар өз ісімен, ерлігімен, мінез-құлықтары арқылы әлеуметтік-мәдени тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші, әрі уақыт сынына төтеп берген қоғамдық өмірді реттеуші жүйе ретінде көрініс тапқан құрылым болып саналады.

Жыраулар поэзиясының ерекшелігі – әлеуметтік ортаға тікелей бағыты, олардың жыр-толғаулары белгілі бір міндетті, мақсатты көздеумен айқындалады. Тұлғаның кісілік, ар-намыс секілді

қасиеттерін жоғары қойып, әлеуметті соған лайықты тәжірибелеу арқылы кісілік қалыбын жетілдіруге тырысты. Олар өз шығармаларына дидактикалық сипаттағы философиялық толғаулар түрінде қалыптастырып, заман жайлы ой-тұжырымдарын, мораль хақынадағы ой-түйіндерін баяндады. Қоғамдық, әлеуметтік мәселелерді көтеріп, тіршілікте болып жатқан өзгерістер мен оқиғаларға оның мән-мағынасы туралы түсініктерін білдіріп отырды.

Жыраулар қалыптастырған ұлттық рухани-мәдениетіміздің рөлі өзіндік анықтаудың «менін» анықтауда, ұлттық ойлауы мен даму стратегиясын орнықтыруда аса маңызды, онда өзімізді ұлт ретінде тану, білу, сезінумен қатар жалпы адамзаттық өркениетте ұлттық орнын, ерекшелігін айғақтайды. Сондықтан да ұрпаққа өз ұлтының қадыр-қасиетін қастерлеуді шақыру осындан басталады деп айтуға болады.

Қазақ халқының әлеуметтік тіршілігінде қалыптасқан жыраулық тұлға қоғамдық сананың құрамдас бөлігі, этномәдениетті өмір сүру мәні, тегі, мәңгілік даналық жүйесі. Жыраулар елдіктің этикалық көрінісі ретінде тұлғалық сананы жоғары санады. Олардың шығармашылығында өзекті мәселе руларды ынтымақтастындыру, көшпенді халықтың біртұтастығы үшін күрес, руаралық тартыс-таластарды тыю, әлеуметтік ортада әділетті, дана ел басқарған хандық билікті қуатты ету идеясы тұрды. Халық тарихында негізгі, өзекті мәселе ретінде рулық, тайпалық мүддені емес, ұлттық, мемлекеттік идеялар алға қойылды.

Қоғамда кез келген адам тұлғалық деңгейдегі үлгілерді мойындаумен қатар, қалыптасқан салттар мен ғұрыптарды сақтауға міндетті болады. Ж.О.Ламетри: «Әрбір елдің қастерлі салт-дәстүрлі бар» деп көрсетеді. Қазақ халқының жыраулары мен ақындары туралы, оларға деген құрметпен қараған шет-жұрттық европалық, орыс этнографтары мен саяхатшы ғалымдары қазақтың өнері, әдебиеті үлгілерінің құндылығы жайында күні бүгінге дейін маңызы бар, салиқалы пікірлерін қалдырған. Мысалы, «Рухани

жағынан алғанда қазақтар бойында үлкен қабылет дарыған халықтардың қатарына жатады. Олардың шығармалары байлығымен де мазмұндылығымен де ерекше көзге түседі», – дейді Д. Клеменк (Мағауин, 2007: 128). «Қазақтар нақысты сөйлеуді бар өнердің алды деп біледі, сондықтан олардың поэзиясы дамудың жоғары сатысына жеткен» – деп, В.Радлов та қостайды (Мағауин, 2007: 128). Ортағасырлық жыраулар «қолына қобыз алып, елден елге жол тартты, халық жыршыларға зор сенім артқан. Елдің елдігін, тұлғалықты паш ете жырлаған жыраулардың ел ішінде мәртебесі биік болған. С. Нұрмұратов өз еңбегінде қазақы қалыптың көрінісі ретінде ақындықты, шешендікті, мәдени ашықтықты, келісімді, сұхбатқа ынғайлылықты, төзімділікті ерекше атап өтеді (Нұрмұратов, 2000). Сонымен қатар, С. Ақатай: «Ұлттық тұлғалықтың қалыптасуында тарих пен әлеуметтік тәжірибенің ықпалы зор: зәбір көрген ұлт не жасқаншақ, не өршіл келеді», – дейді (Ақатай, 1999: 64).

Қазақ халқының тұлғалық деңгейі өнермен тығыз байланыстылығын әрі жаугершілік замандарда күрескер, батыр тұлғалығымен ерекшеленеді. Олардың қайталанбас, дара келбеті арқылы тарихи рөлін, миссиясын танимыз. Қазақ халқының өршіл, өзіне тән ерекшеліктеріне көшпелі өмір салты, жаугершілік, ашық аспан астындағы табиғатпен етене өмір сүруі зор ықпал етіп, белгілі бір этно-психологиялық стереотиптердің, ойлау, сөйлеу мәнерін, мәдени дәстүрін әлеуметтік өмірдің тірегіне айналдырды. Мысалы, тарихи, әлеуметтік алғышарттарды атайтын болсақ, онда көшіп-қону түрлі деңгейлердегі жаугершілік кезеңдер, мәдени аралық байланыстар, түрлі деңгейлерде болған оқиғалар әсер етті деуге болады.

Қазақ халқы этникалық-тарихи дамуында талай-талай сынақтарды, қақтығыстарды басынан өткерді. Дегенмен де өзінің әлеуметтік тіршілігіндегі ең негізгі мақсаты – руханилық сипат болды. Оның негізінде – Тәңіріне сену, этикалық тұрғысындағы – даналық алғышарты алға шығады. Дүниенің, адамның адамға тұтынушылық мақсатында емес,

рухани тұрғыдан, отбасылық, қоғамдық құндылықтар тұрғысындағы даналық, яғни этика принциптерін ұстану маңыздылығын көрсетеді. Мысалы, Абайдың «жүрек идеясы» – қазақ ұлтына тән идея деуге болады.

Әлеуметтік өмір салтында халықты рухани-мәдени жағынан реттеп, түзетіп отыру қажеттілігін түсінген ел басындағы тұлғалар (билер, хандар, жыраулар) нәпсіге берілу, көнбістік, еліктеу секілді құлдық мінез көріністеріне тосқауыл қойып отырды. Мысалы, «Тәңірі өзі бермесе, менменсіп жүрген ер жігіт, кісіден тартып алып жарымас (Шалкиіз) немесе, «Батыр болмақ сойдан-дүр, жалаңаш барып жауға ти, Тәңірі өзі біледі, ажалымыз қайдан-дүр» – тағы Шалкиіз (Мағауин, 2007: 150).

Тұлғалықты ерекше сомдаған жыраулар өз шығармаларында елді қорғау мәселесін, жат елдерге қарсылық, яғни, басқыншыларға қарсы күрес тақырыбы ерекше орын алды. Жоғарыда атап өткеніміздей тұлғалықтың қалыптасуында көптеген факторлардың жиынтығы адам белсенділігіне, табиғи болмысына ықпал ететін рухани қуат әрі жеке адам парасаты мен жігерленуіне де маңызды рөл атқарады. Халық өз ортасынан шыққан тұлғаларды туғызып қана қоймай, олардың өміршеңдігіне де ықпал етіп отырады.

Тұлғалар халықты жігерлікке, жасампаздыққа жұмылдырып, моральдық-этикалық сана факторын тарихи-әлеуметтік процессте – маңыздылығын көрсетіп отырды. Жыраулар халықты күрделі тарихи уақыттарда қиыннан қиысытырып алып шығуда өзіндік тұлғалық көрсете білді. Олар, тарихи оқиғалар тәжірибесі көрсетіп отырғандай елдік мұратты сомдау арқылы белгілі бір үлгілі құндылықтарды халық психологиясына сіңіруді мақсат етіп отырды. Бұл нағыз әлеуметтік стратегиялық әдіс ретінде қоғамда қалыптасқан, қоғам үшін аса маңызды мұрат болуымен әрі этникалық мінез-құлықты қалыптастырудың негізі болғанын тұжырымдауға болады. Мысалы, «Білімді туған жақсылар, азда болса, көшпен тең» (Ақтамберді), немесе «Ақыл Алла нұры десеңде де көпке емес, жеке адамға түседі. Санасында сәулесі бар жан қараңғы көптің

өміріне жарық әкеледі» (Нұрмұратов, Ғабитов, 2014). «Атаның ұлы ер жігітке, Арту-арту бел келер, оқтан қатты сөз келер, алға сап жауап бермеңіз, арты түбін ойламай» (Шалкиіз). «Жапанға біткен терекпін, Еңсемнен жел соқса да теңселмен, Қарағайға қарсы біткен бұтақпын, Балталасаң да айырылман, Сыртым құрыш, жүзім болат, тасқа салсаң да майырылман». (Ақтамберді). Міне осындай қайратты, жігерлі жыр жолдармен тәрбиеленіп өскен ұлан, қоғамның тасасында қалмай тұлғалық кейіпкерге айналып, өзіндік, ұлттық мінез-қасиетін қалыптастырары анық. Өз сөзінің құдыретін білген жыраулардың қоғамға әсері зор болған. Тұлғалықты жыр еткен жыраулар поэзиясында далалық салттың мұраты ретінде жауынгерлікпен қатар бейбітшілік, еңбек, білім, қарапайымдылық, әділдік секілді этикалық ұстаным қағидалар ерліктің, тұлғалықтың әлеуметтік сананың ажырамас бөлігі ретінде талап етілген.

Тарихи тұлғалар туралы жырлар мен толғаулардың негізгі мақсаты жас ұрпақтардың әлеуметтену үдерісіне ықпал ету және дәстүрлі мәдени-рухани құндылықтарды қоғамдық өмір үлгісіне айналдыру. Тұлғалық үлгілерде белгілі-бір рудың тектік генеологиялық бірлігі ғана пайымдалып қоймай, рухани тұтастығы негізделеді. Жыраулар поэзиясында өзекті ой – абыройлы, ардақты асыл текті атабабадан тарайды деген сенімді орнықтыру.

Жыраулардың барлығы дерлік тұлға, көрнекті батырлар болғандығын ерекше атауға болады. Алайда жоғарыда атап өткеніміздей, қоғамның өзгеруі, көшпелі қоғамның жіктелуі, оның тұтастығы мен бірлігін жоғалтуы батыр-тұлға-жырау бейнесін пайымдауда жаңа өлшемдердің пайда болуына байланысты, тұлғалық-батырлық-жыраулық үлгілердің басқа гуманистік, эгалитарлық бастаулардың пайда болуы себеп болды. Ендігі жерде әлеуметтік тіршілікте дара шыққан батыр болу жеткіліксіз, қоғамның қамын жеп, бауырмалдылық көрсету секілді дүниелер алға шықты. Көшпелі өмір салтында әлеуметтік-мәртебелік рөлдер емес, жеке тұлғалық қатынастар мен қоғамдық пікір анықтаушы рөл атқарғандықтан, адамдардың бірін-бірі танып білгендіктен,

адамның өзінің абырой, атағын ардақтауы секілді үлгілер пайда болды. Э. Деprüэль байыптағандай: «тұлғалық үлгілердің барлық түрлеріне ортақ мәдени императив – абырой атағын ардақтау белгілі бір дәрежедегі діни индифферентизмге ықпал етті», – дейді (Шәукенова, 2013).

Қазақ жыраулары ұлы даланың ерекше, қайталанбас болмыс-бітімін әйгілеген философиялық дүниелерін қалдырды. Онда тарих пен шежіре, шешендік өнер, этика мен құқық, мәдени-рухани дүниелер тізбегі тұтаса көрініс береді. Тұтастығы ерекше мызғымас, тұлғалық өмірдің қуатын, әлеуметтік өмірдің біртұтас жүйесін қалады. Далалық өмірдің философиялық ойлау шеберлігінің үлгісінен тұратын жыраулардың ой-толғамдары жеке тұлғаның әлеуметтік стратегиясы ретінде жауапкершілік, тұлғалық еркіндігінің кең ауқымды кеңістігін айқындаумен, оның азаматтық, саяси, ұлттық төлтума ой-санасының көкжиегін кеңейтіп, дала дүниетанымының парасатты мәндік негіздерін қалыптастырды.

Адам бойында, кемшілік болғандықтан әлеуметтік ортада жеке тұлғаның қайталанбас бейнесі маңызды. Қазақ халқында «жігітке жеті өнерде аздық етеді» – деген танымдық негіздегі түсінік бар. Адамды не үшін қайталанбас тұлға ретінде санаймыз? Себебі, олар қоғамдық қағидалар мен ережелерге сыймайды. Осындай таным-түсінікке байланысты В. Франкл адамның тұлғалық бейнесін биологиялық жолмен түсіндірмекші болады. Бір жасушалы ағза көп жасушалы ағзамен эволюцияға түскенде, ол өзінің жалқылық деңгейінен айырылып, көп жасушалы ағзаға айналатынын айтады. Демек оны тұлғалықпен салыстырғанда ол өзінің қасиетін жояды. Универсал қалпынан айырылған көпшілік қалпына сіңеді, құйылады. Осы секілді адам тиянақты ілім білімді меңгере алмаса, әр нәрсеге әсемпаз болуымен, әр істің басын бір шалып универсал болғысы келген адам, қоғам деп аталын организм процессінде өзінің тұлғалық деңгейінен ажырайды. Егер жоғарыда айтылғандай қазақ жыраулары секілді бесаспап, сегіз қырлы бір сырлы болса, өзінің тұлғалық бейнесін қашап

шыға алса, онда қазіргі қоғамдық жағдайда ерекше мәртебеге ие болары анық.

Адам өзіндік деңгейін мүсіндеп қашаған сайын, өмірде соғұрлым қоғамдық өмірдің кетігіне қалана алады. Адам қоғаммен араласып, әлеуметтік өмірдің кем-кетігін көре білсе, оның тұлғалығы ел ішінде есепке алынады.

Белгілі бір дәрежеде адамдарға тобырлық сана тән. Испан философы Ортега и Гассет: «Жиырмасыншы ғасырдың қасіреті тобырлық сана» деп көрсетеді. Қоғамдық тіршіліктің даналығы туралы айтатын болсақ, онда даналық пен даралықтың ара жігін ашу керек. Ол үшін қоғамға тұлға керек. Егер ол психикалық тұрғыда қуатты, (физикалық тұрғыдан) табиғатынан зерек, еске сақтау қабілеті жақсы, интеллектуалды жетілген, туындаған қиыншылықтарды жеңе білу, адамдарды құрметтеу, кішіпейілді, жомарт болса, онда әлеуметтік жақсы қоғамның бейнесін көрсетеді. Жазылған қасиеттерді иемденген тұлға өз ортасында үлгілі болуымен қоғамдық өмірге рухани-мәдени мәнді өмір салтын қалыптастыра алады. Қазіргі жағдайда адам – пайда табу көзі деп түсінгендер бар. Өз hareketін өмірдің басты мақсаты деп түсінген тобырлық сана деңгейіндегі адамдар өмір құндылығы, ар-ұят деген түсініктерден алшақ екенін байқаймыз. Шын мәнінде тұлғасы көп қауымдастықтық қана белгілі бір прогресске жете алады. Сондықтан қоғам тұлғаға тәуелді. Абырой, бедел секілді құндылықтар осындай жағдайда туындайды. Тұлғалықтың абырой-бедел кодексін арттырғымыз келсе тобырлықтан арылуымыз қажет. Қоғамда тұлғаның даралығы мен ерекшелігін тануға және құрметтеуге міндеттіміз. Түрлі әлеуметтік зерттеу объектісіне айналған қоғамдық өмір жеке адамның емес, қалың көпшіліктің психологиясына назар аударады. Тобырлық сана деңгейіндегі адамдар тәртіп пен сенімділік секілді түсініктерден алшақ болады.

Қоғамдық өмірде адамның тегіне қарап, детерминизация жасау мүмкін емес. Қазақта «жақсыдан жаман туар бір аяқ асқа алғысыз, жаманнан жақсы туар адам айтса нанғысыз» деп бекер айтпаған. Тұлғаның табиғатын тұтас қамту күрделі. Бірақ

тұлғалық еркіндік феноменінде айқын көріне алады. Кез келген адам тіршілігінде ерікті немесе еріксіз түрде қоғамда қалыптасқан адами типтік шеңберден шығуға ұмтылады. Осыған байланысты, олай болса нағыз даралық адами бейне қайдан басталады деген сұрақ туындайды. Тобырлық типтерден тәуелсіздік даралығы үшін еркіндікке ұмтылғанда басталатынын көрсетеді. Экзистенциализм анализімен айналысқан ғалымдар жауапкершілік түсінігі кез келген адам болмысымен байланыстылығын көрсетеді. «Адам болмысына жауапкершілік тән дейміз, себебі оның ертеңгі о дүниелік өмірі бүгінгі тіршілігімен байланыстылығын көрсетеді. О дүниелік өмір – өлім мәнін жоймайды. Керісінше, қайта оралмас кезең, қайталанбас өмірді өрнектеп шығарады. Яғни кез келген адамның өмірі қайталанбайды, өліммен аяқталады. Ал адам тағдыр тауқыметінен құтыла алмайды. Тағдыр адамның іс-әрекеті, мүмкіндігі. Өмір өзінің жасампаз құндылығын айғақтауға мүмкіндік береді. Түрлі қиындықтар мен қайғы-қасыреттер арқылы шыңдалу мүмкіндігін көрсетеді. Тағдыр еркіндікке бой артып, талаптануға тірек болар сенімді саты. Еркіндік – шешім қабылдауға, позиция таңдауға берілген азаттық.

Қоғамдық өмірде еркіндікке қарсы кедергілер, тосқауылдар жеткілікті. Еркіндікпен кедергіге байланысты В. Франкл тұжырымы: өмірде түрлі кедергілерді жеңіп, өз көзқарас, пікірін еркін білдіретін адам ие бола алады (Франкл, 1990: 254). Яғни тұлға ретінде қалыптасу мүмкіндігіне ие, бірақ оның психофизикалық деңгейіндегі кемшіліктер оған кедергілер келтіреді. Ол үшін ол өз бойындағы кемшілікті ырқына жібермей, тұсауға күш салады. Бойындағы кешілікті өзінің күресі, өзінің жігері, күш-қуаты арқылы тұсап, руханилық деңгейіне өте алса, ол шын мәнінде нағыз рухани тұлға деңгейіне көтеріле алады. Өзін-өзі жеңудің өлшемі – кедергінің көлемі. Қоғамдық өмірде неғұрлым көбірек кедергілерді жеңетін болса, соғұрлым оның абыройы асып, өзіндік «Менін» қалыптастырудағы ер-жігерінің шыңдала түскенін көрсетеді.

Адамның психикасы инстинкке, тіршілігі материяға тәуелді. Адамның түпкі

табиғатын анықтауда, адам ғылымның шегінен асып түсетін тіршілік иесі дейміз. Себебі, әлеуметтану, психология ғылымдары адамды нақты бір типке жатқызуға, анықтауға тырысады. Бірақ адам, өзін қоршап тұрған детерминаттың бәрін бұзып, сол типтерге лайықты өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Адамның қарама-қайшылықты жаратылысын оның диалектикалық қасиеттері анықтайды. Адам өз «Менін» айқындау мақсатында еркіндікке ұмтылғанда өн бойындағы барлық мүмкіндіктерін іске қосады. Адам осындай психологиялық жағдайында өзінің мүлгіп жатқан мүмкіндіктерін ашумен өзінің күш-қайратын, ерік-жігерін, табандылық атты қасиеттерін көрсете алады. Адам болу – қоғамдық жауапкершілікті арқалау, тіпті отбасындағы жауапкершілік атты қасиет бірінші орында. Ясперс: «Адам кім болатынын өзі шешетін мақұлық дейді. Яғни өзін-өзі танушы – болмыс десең дұрыс болар. Әлеуметтену негізінде адамның болмысын сомдайтын сан түрлі мүмкіндіктер бар. Тағдыр адамға таңдау еркіндігін береді. Адамның өзіндік мені – өзгеге ұқсамау, яғни өзгеге ұқсамаудағы шарт, өзгеруді үйрену. Өзгеру – ерік қалауы. Адамның азаттығы. Детерминизм философиясына шырмаланған адам ерік қалауын қоғамдық тыйымдар құрсап тастағандай сезінеді. Мүмкіндігін іске асыруға түрлі деңгейдегі тыйымдар кедергі келтіріп, тұлғалық сипатын қалыптастыруға ерік-жігері жетпейді. Сондықтан өз тағдырын өзі іске алғысыз етеді. Ал ерік тағдырмен тамырлас. Олай болса, адам өз ерік-жігерін тағдыр тауқыметінде ғана рахатын көре алады. Тек өлім сағаты келіп, тағдыры аяқталғанда ғана еркіндік феномені нығмет болудан қалып, адам еркі мәңгіге жойылады. В. Франклдың тағдырға байланысты ой-тұжырымына Ш. Құдайбердіұлының толғауы:

*Тумақ, өлмек – тағдырдың шын қазасы,
Ортасы өмір, ортасы жоқтың қой
екі басы.*

*Сағымдай екі жоқтықтың арасында
Тіршілік деп аталар біраз жасы.*
(Абдрасилова, 2019: 25).

Әлеуметтік тұрғыдағы ерекше бір құбылыс адамның психикалық жағдайы. Психикалық жандүниедегі сезімдік құбылыстарды қалт жібермей бақылап, неге апарып соғатынын, нәтижесі қалай болады деген болжамдар жасайды. Адам әлеуметтік ортаға байланған, сондықтан сол орта қалыптастырған этикалық ұстанымдар мен заңдар арасында өмір сүреді. Оның шеңберінен шығып кету адамға қиын. Фрейд адамның әлеуметтенудегі проблемасына қатысты «Мен – Эго» теориясын ұсынады. «Мен» теориясы арқылы адамның әлеуметтік ортадағы өзіндік (тұлға) шындығын ашуға қатысты болмай қоймайтын шешім қабылдауға қабілетті екенін көрсетеді. Бірақ ішкі бейсаналық инстинкт адамға ұсыныс білдіреді. Сол кездегі адам «Мені» не істеу, қандай шешім қабылдауы тиістігін өзі шешеді. Бейсаналық сезімдер адамды сүйрей жөнелетін «Одан» немесе Идтен тәуелсіз екенін анықтайды.

Сонымен З.Фрейд жасаған «меннің» әлеуметтенудегі санадан тыс «ИД» жасаған инстинкттік ұсыныстарға қарсылық көрсететінін мойындаған Эрвин Штраус: «Инстинктті бағындырып, басқаратын күш инстинкттің өзінен өрбіп шыға алмайды» – деген, ал Шелер болса әлеуметтену жағдайындағы адам психоанализін интеллектуалды алхимияға ұқсатқан.

«Мен» негізгі рөл иемденуші ретінде қоғамдық тәртіпті алып жүруге лайықты бейсаналық инстинктке қарсы тұра алушы. Адамның әлеуметтенудегі ерік қалауы бейсаналық инстинктке тәуелсіз: бірақ адамның қоғамдық өмірдегі кейбір жағдайларына байланысты ерікті мызғымас берік нығмет деп тағы айтуға болмайды. Ерікті, мақсат-мұратты анықтау деңгейінде ғана оны терең түсінуде анықталатынын айтуға болады. Өз уақытында қабылданған шешім сәтінде ерік қалауы шыңдала түседі.

Қорытынды

XX ғасырдағы қоғамдық өмірдің қарама-қайшы динамикасы адамның өзін-өзі жетілдіру, жеке даму стратегиялары, тұлға белсенділігі мәселесінің өзектілігін

арттырып отыр. Дара болмысы мен оған жеткізетін жетілу жолын айқындау адам үшін аса маңызды. Авторлардың пікірінше дәл осындай тәсілдер психоаналитикалық және әлеуметтік-мәдени стратегияларда қамтылған. Мақалада әлеуметтік-мәдениет теориясы аясындағы тұлға дамуына ықпал ететін мәдени мұралар, коммуникатив рационалдылық, еркіндік, жауапкершілік ұғымдары сараланды. Адамның өзін-өзі жетілдіру мәселесі негізінде әлеуметтік-мәдени коммуникацияның маңыздылығы тұжырымдалды.

Мәдени және психоаналитикалық тұрғыда адамға ең қажетті қасиеттердің бірі – еркіндік, жауапкершілік. Ішкі жандүниесі мен сыртқы іс-әрекеті, мінез-құлығы бір-біріне сай тұлға қоғамның рухани өсіп-өркендеуіне тікелей ықпал етіп отырады.

Зигмунд Фрейдтің психоанализі адам мәселесін философиялық тұрғыдан түсінуде жаңа бетбұрыс жасады. Адамның болмысын сыртқы бақылаудан оның субъективтілігіне көшу, сананың ішкі күйлеріне назар аудару, тұлғаишілік саналы және бейсаналы қақтығыстар тұрғысынан адам болмысын сипаттау – XX ғасырдың батыс еуропалық философиясы үшін маңыздылығын анықтады. Фрейдтің тұлғаға байланысты: Ид («Ол»), Эго («Мен»), Суперэго («Супермен») секілді категориялары адамның іс-әрекетінің мәнін, сипатын түсінуге көмектесті.

Әлеуметтік мәдени орта адамның ішкі әлеуетін жүзеге асыруы арқылы өзінің бойындағы ерекшелікті көрсетуімен қоғамның тарихи процестеріне және адамның жетілу процесіне ықпал ете алады. Қазақ философиялық танымындағы ерекше орын алған ақын жыраулардың инсани кемелділік хақындағы философиялық-әлеуметтік ой-тұжырымдары ауадай қажет. Жыраулар қалыптастырған ұлттық рухани мәдениетіміздің рөлі өзіндік анықтаудың «менін» анықтауда, ұлттық ойлауы мен даму стратегиясын орнықтыруда аса маңызды, онда өзімізді ұлт ретінде тану, білу, сезінумен қатар жалпы адамзаттық өркениетте ұлттық орнын, ерекшелігін айғақтайды. Сондықтан да ұрпаққа өз ұлтының қадыр-қасиетін қастерлеуді

шақыру осындан басталады деп бағамдауға болады.

Далалық өмірдің философиялық ойлау шеберлігінің үлгісінен тұратын жыраулар поэзиясы жеке тұлғаның әлеуметтік стратегиясы ретінде жауапкершілік,

тұлғалық еркіндігінің кең ауқымды кеңістігін айқындаумен, оның азаматтық, саяси, ұлттық төлтума ой-санасының көкжиегін кеңейтіп, дала дүниетанымының парасаттылық мәндік негіздерін қалыптастырды.

Әдебиеттер тізімі

- Абдрасилова Г.З. Шәкәрім философиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 160 б.
- Ақатай С. Ұлттық діл деген не? //Ақиқат. – 1999. – № 3. – 64 б.
- Байтенова Н.Ж. Қабылова А.С. Ромашева А.Қ. Шығыс философиясындағы кемелденген адам мәселесі: оқу құралы. – Алматы: ӘЖК.КАЗМУ, 2000. – 243 б.
- Есім Ғ. Адам-зат. – Астана: Фолиант, 2002. – 312 б.
- Нұрмұратов С., Ғабитов Т.Х. Қазақ философиясы тарихы. Ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін. – Т. 1. Қазақ философиясының қалыптасуы. – Алматы: ФСДИ ҚР БҒМ, 2014. – 400 б.
- Шәукенова З.К. Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер. Ұжымдық монография. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 375 б.
- Клахкон К. Зеркало для человека. Введение в антропологию. Перевод с английского под редакцией к.фил.н. Панченко А.А. – СПб.: «Евразия», 1998. – 352 с.
- Мағауин М. Қобыз сарыны: XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары. – 5-бас. өңд. – Алматы: Мектеп, 2007. – 192 б.
- Малиновский Б. Научная теория культуры // Вопросы философии. – 1983. – № 2. – С.116-124.
- Курманғалиева Г.К., Нысанбаев А.Н., Соловьева Г.Г. Наследие аль-Фараби и современная философия взаимопонимания: посвящ. 20-летию независимости РК. – Алматы: Ин-т философии и политологии КН МОН РК, 2011. – 247 с.
- Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау. – Алматы: ҚР БҒМ Философия және саясаттану институты, 2000. – 180 б.
- Резник Ю.М. Человек и общество // Личность. Культура. Общество. – 2000. – № 3. – С. 12-23.
- Фарман И.П. Социально-культурные проекты Юргена Хабермаса. – Москва, 1999. – 244 с.
- Франк В. Человек в поисках смысла. – Москва: Прогресс, 1990. – 366 с.

Гульжан Ж. Серікбай, Әсет А. Құранбек

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Проблема самосовершенствования человека в рамках психоаналитической и социокультурной теории

Аннотация. В статье сделан глубокий анализ проблемы самосовершенствования человека в рамках психоаналитической и социокультурной теории. Противоречивая динамика общественной жизни в XX веке выдвинула проблему самосовершенствования человека, стратегий личностного развития, личностной активности. Для человека очень важна его индивидуальность и определение пути зрелости, который к ней ведет. По мнению авторов, именно такие подходы содержатся в психоналитических и социокультурных стратегиях. Для определения развития личности в рамках социокультурной теории проведен глубокий анализ понятий культурного наследия, коммуникативной рациональности, свободы, ответственности. Изучена значимость социокультурной коммуникации на основе проблемы самосовершенствования человека.

Социальный образ жизни казахского народа предъявлял жесткие требования к нравственным качествам и личностно-ценностным, социально-психологическим, этническим позициям. А самобытность поэзии жырау – это прямая ориентация на социальную среду. Ставя

выше такие качества личности, как личность, честь, он был направлен на совершенствование личности через адекватную социологическую практику. Они сформировали свои произведения в виде философских размышлений дидактического характера, изложили свои мысли о времени, размышления о морали. Поднимали общественные, социальные вопросы, высказывал свое понимание происходящих в жизни изменений и событий, их смысла. В статье сформулирована значимость философско-антропологической, социальной мысли в творчестве жырау в формировании стратегий самосовершенствования. Философско-антропологические рассуждения в поэзии жырау проанализированы.

Ключевые слова: человек; общество; культура; личность; самосовершенствование; культурное наследие; коммуникация; свобода; жырау.

Gulzhan Zh. Serikbay, Asset A. Kuranbek

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

The problem of human self-improvement within the framework of psychoanalytic and socio-cultural theory

Abstract. The article makes a deep analysis of the problem of human self-improvement within the framework of psychoanalytic and socio-cultural theory. The contradictory dynamics of public life in the twentieth century put forward the problem of human self-improvement, personal development strategies, and personal activity. For a person, his individuality and the definition of the path of maturity that leads to it are very important. According to the authors, such approaches are contained in psychonalytic and socio-cultural strategies. To determine the development of personality within the framework of socio-cultural theory, a deep analysis of the concepts of cultural heritage, communicative rationality, freedom, responsibility is carried out. The importance of socio-cultural communication based on the problem of human self-improvement is studied.

The social lifestyle of the Kazakh people imposed strict requirements on moral qualities and personal-value, socio-psychological, and ethnic positions. The originality of Zhyrau's poetry is a direct orientation to the social environment. Putting such personality qualities as personality and honor above, he aimed at improving personality through adequate sociological practice. They formed their works in the form of philosophical reflections of a didactic nature, presented their thoughts about time, reflections on morality. They raised public and social issues, expressed their understanding of the changes and events taking place in life and their meaning. The article formulates the importance of philosophical, anthropological and social thought in the formation of self-improvement strategies reflected in zhyrau. It provides an analysis of philosophical and anthropological arguments in the poetry of zhyrau.

Keywords: Person; society; culture; personality; self-improvement; cultural heritage; communication; freedom; zhyrau.

References

Abdrasilova G.Z. Shakarim filosofiiasy [philosophy of Shakarim]. (Almaty, Kazak universiteti, 2019, 160 p.), [in Kazakh].

Akatai S. Ultyk dil degen ne? Akikat [What is the National mentality? Akikat]. 1999. No.3. P. 64, [in Kazakh].

Baitenova N.Zh. Kabylova A.S. Romasheva A.Қ. Shygys filosofiiasyndagy kemeldengen adam maselesi: oku kuraly [The problem of a mature person in Eastern philosophy: a textbook]. (Almaty, 2000, 243 p.), [in Kazakh].

Esim G. Adam-zat. (Astana, Foliant, 2002, 312 p.), [in Kazakh].

Nurmuratov S., Ğabitov T.H. Qazaq filosofuasy tarıhy. Ejelgi dáýirden qazirgi zamanga deiin. T. 1. Qazaq filosofuasy nyń qalyptasýy [history of Kazakh philosophy. From ancient times to modern times. Vol. 1. formation of Kazakh philosophy]. (Almaty, FSDI QR BGM, 2014, 400 p.), [in Kazakh].

Sháykenova Z.K. Qazaq rýhanıaty: tarıhı-filosofıalyq jáne etnomádenı negizder. Ujymdyq monografıa [Kazakh spirituality: historical, philosophical and ethnocultural foundations. Collective monograph]. (Almaty, QR BGM GK FSDI, 2013, 375 p.), [in Kazakh].

Klakhkon K. Zerkalo dlia cheloveka. Vvedenie v antropologi. Perevod s angliiskogo pod redaktsiei k. fil. n. Panchenko A. A. [A mirror for a person. Introduction to Anthropology. Translated from English edited by K.phil.N. Panchenko A.A.]. («Evraziia», SPb., 1998, 352 p.), [in Russian].

Magauin M. Kobyz saryny: KhV-KhVIII gasyrlarda zhasagan kazak akyn, zhyraulary [kobyz Saryn: Kazakh poet, zhyrau, created in the XV-XVIII centuries]. (Almaty, Mektep, 2007, 192 p.), [in Kazakh].

Malinovskii B. Nauchnaia teoriia kulturey. Voprosy filosofii [culture of scientific theory. questions of philosophy]. 1983. No.2. P.116-124, [in Russian].

Kurmangalieva G.K., Nysanbaev A.N., Solovieva G.G. Nasledie al-Farabi i sovremennaia filosofıia vzaimoponimaniia : posviashch. 20-letıiu nezavisimosti RK. MON RK, Kom. nauki, In-t filosofii i politologii [The History of Al-Farabi and modern philosophy of intercession: post. 20th anniversary of independence of the Republic of Kazakhstan]. (Almaty, In-t filosofii i politologii KN MON RK, 2011, 247 p.), [in Russian].

Nurmuratov S.E. Rukhani kundylyktar aleumi:aleumettik-filosofıialyk taldau. – Almaty: QR BGM Filosofıia zhane saiasattanu instituty [the world of spiritual values: a socio-philosophical analysis. - Almaty: Institute of Philosophy and political science of the Ministry of education and science of the Republic of Kazakhstan,]. 2000. P.180, [in Kazakh].

Reznik Iu.M. Chelovek i obshchestvo. Lichnost. Kultura. Obshchestvo [people and society. personality. Culture. The public.]. 2000. No.3. P. 12-23, [in Russian].

Farman I.P. Sotsialno-kulturnye proekty Iurgena Khabermasa [socio-cultural projects of Jurgen Habermas]. (Moscow, 1999, 244 p.), [in Russian].

Frankl V. Chelovek v poiskakh smysla [a man in search of meaning.]. (Moscow, Progress, 1990, 366 p.), [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет:

Серікбай Гүлжан Жанисовна – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, философия кафедрасының 3 курс докторанты, Алматы, Қазақстан.

Құранбек Әсет Абайұлы – филос.ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Философия кафедрасының меңгерушісі, Алматы, Қазақстан.

Gulzhan Serikbay – The 3rd year Ph.D. student of the Department of Philosophy of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Asset Kuranbek – Candidate of Philosophical Sciences, Head of the Department of Philosophy of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.